



Сүлейман Демирель атындағы университеттің 6D011700 – қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының докторанты Жайнагүл Дүйсебекованың философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «Ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы филолог-студенттердің сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесі» атты диссертациясына шетелдік ғылыми кеңесшінің ПІКІРІ

Пікір жазу үшін жіберілген диссертация кіріспе, екі негізгі тарау және қорытындыдан тұрады. Диссертациялық жұмыстың басында нормативтік сілтемелер, анықтамалар, соңында әдебиеттер тізімі мен қосымша берілген.

Кіріспеде автор зерттеу тақырыбының езектілігін, мақсаты мен міндеттерін, нысанын, ғылыми жаңалығын, теориялық және әдістемелік негіздерін, зерттеу жұмысының кезеңдері мен дереккөздерін беріп, қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдарды көрсеткен.

Бірінші тарауда филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері әсіресе ауызша тіл, ауызекі сөйлеу тілі, сөз мәдениеті туралы ғалымдардың пікірлері сараланып зерделенген. Екінші бөлімде ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастырудың әдістемелік жүйесі, жоғары білім беру жүйесінде ауызша сөз мәдениетін оқытудың жайы талқыланып, автор өз әдістемесімен эксперимент жасаған. Соңғы тарау диссертацияның практикалық қырын күшейтіп, маңыздылығын айқындап тұр.

Филолог-студенттердің қатысымдық құзыреттілігін ауызша тілдің құрылымы мен жүйесі арқылы қалыптастыру болашақ педагог маман ретінде тұлғалық және оқу танымдық ауызша сөйлеу мәдениетін жетілдіруге мол мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысындағы белгілі ғалымдар А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Қ.Кемеңгерұлы, Р.Әмір, Р.Сыздық, Н.Уәли, М.Балақаев, А.Фазылжанова, Қ.Күдерінова, Ф.Оразбаева, Ж.Дәулетбекова, Р.Рахметова т.б. және көптеген шетелдік ғалымдардың лингвистикалық және



әдістемелік еңбектерін қабыстыра зерттеп қарастыру арқылы олардың сөз мәдениетіне қатысты тұжырымдарын жаңа бір қырынан тани аламыз. Ауызша тілдің педагогикалық аспектілері орынды қарастырылып, арнайы филология студенттері үшін пән ретінде оқытылу мәселесі көтеріліп, пән негізі ұсынылып, дәйекті тұжырымдар жасалған. Докторант тұщымды тілдік талдау-саралаумен қатар педагогикалық тұрғыдан оқытылымға баса көңіл бөлген. Методологиялық оқыту әдісін қолданған. Филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастыру концепциясын ұсынған. Теориялық негіз бен практикалық біліктілігін ұштастырып, зерттеу тақырыбын тәжірибеден өткізген. Талдау, бағамдау, зерделеу секілді ғылыми құндылықтарды меңгерген. Жұмыс барысында диссертанттың зеректігі, шеберлігі, ізденушілік, талапқа сай орындаушылық қасиеттері де байқалды, тақырыппен байланысты мақалаларының жарыққа шығуы да соған дәлел.

Диссертанттың қол жеткізген нәтижелері, ғылыми жаңалықтары мен қорытындылары зерттеу мақсатына сәйкес келеді. Зерттеу жұмысында орын алатын ғылыми ой-пікірлер тілдік материалдар негізінде және оқытудың әдістемелік жүйесінде дәйектелген. Оқытуға қатысты материалдар жан-жақты талданып, нәтижесінде зерттеу тақырыбына қатысты түйінді тұжырымдар жасалған.

Ізденушінің төмендегі пікір-тұжырымдарын жұмыстың жаңалығы ретінде атап көрсетуге болады:

- ауызша тілдің дискурстық жағы ресми және бейресми үлгісөздердің негізінде айқындалып, өзіндік ерекшеліктері көрсетілген.
- білім алушылардың сөз мәдениетін дамытуда әдебиет, шешендіктану, когнитивті лингвистика, лингвоэкологиямен байланыстыра оқытудың тиімділігі ғылыми-әдістемелік түрде дәлелденген.
- сөз мәдениетін ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен меңгерудің нәтижесі анықталған.



- студенттің ауызша сөз мәдениетін қалыптастырып, дамытуға арналған «Риторика және педагогтың сөйлеу мәдениеті» атты элективті курстың оқу-әдістемелік кешені жасалған.

Эксперимент нәтижесі бойынша диссертант болашақ филологтар мен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушыларын даярлайтын жоғары оқу орындарында оқытылатын «Риторика және педагогтың сөйлеу мәдениеті» пәнін ендіруді ұсына отырып, аталған пәннің әдіснамалық және әдістемелік тұжырымдарын негіздеп берген. Пәннің толыққанды оқу кешені ретінде оқу-әдістемелік құрал да әзірленген. Аталған еңбектер зерттеу жұмысының практикалық маңызын арттырады.

Жалпы алғанда диссертациядағы көптеген кемшіліктер түзетіліп, ғылыми еңбекке Қазақстанда қойылатын негізгі талаптар бірізге түсірілген, сондықтан диссертация оң бағаға лайық деп есептейміз.

Қолымыздағы еңбек келешек ұрпақтың кемелденуіне қызмет ететін оқу құралына айналар, докторанттың ғылым жолында дамуына септігін тигізеді, сондай-ақ болашақта ғылыми еңбек жазуға байланысты кейбір «стандарт ережелер» өзгерер деген ниетпен еңбектің кемшін тұстарына тоқталғымыз келеді.

«...әлемнің дамыған отыз елінің қатарына қосылу үдерісінде еліміз әлемдік саясат аренасынан тыс қалмай, басқа мемлекеттермен қарым-қатынасы жандануда» деп әлемдік деңгейге көтерілуге байланысты сөз қозғасақ та әлемдік ғылыми стандартқа әлі кеше аламай жатқанымыз қынжылтады. Мәселен, әдебиеттер тізімінің берілуі. Бұл кеңестік жүйе шын заманауи ресейлік ғылымда да қолданылмайды, атап айтқанда *Российская Тюркология* журналы әлемдік әліпбилік жүйеге бірінші санынан көшкен. Бұл диссертацияның ең үлкен кемшілігі деп білеміз. Білім және ғылым саласындағы Impact Factor немесе Scopus базасына енетін ұпайлары жоғары ғылыми журналдарда мақала жариялау үшін әлемдік ғылыми стандарттарға сай жайттарды басты назарда ұстауға тиіспіз.



UNIWERSYTET IM. ADAMA MICKIEWICZA W POZNANIU

Wydział Neofilologii
Katedra Studiów Azjatyckich

Қазіргі инновациялық жаңару кезінде зерттеушінің қырағы болып, көптеген ғылыми еңбектерге мұқият, сыни көзқараспен қарап, оларға дұрыс баға беру, кемшін тұстарын көре білу, айта білу, қалыптасып кеткен жаңсақ-қателіктерден арылу басты мәселе. Еңбектің екінші бір *әттеген-айы* бұдан бұрын айтылған *ауызша тіл, ауызекі тіл* туралы ғалымдар ұсынған ой-пікірлер мен терминдердің ара жігі ашылып, кемшін тұстары нақты көрсетіліп, ғылымға нақты жаңалығымен келмеуі. Аталмыш кемшіліктердің болашақта түзетілетініне сенеміз.

Қорғауға ұсынылып отырған ғылыми еңбек толық аяқталған, барлық талаптар сақталып, ғылыми жұмысқа қойылатын шарттар орындалған. Диссертацияны қорғауға ұсынуға болады деп есептейміз.

Познань қаласы

Шетелдік ғылыми кеңесшісі
PhD докторы, профессор ассистенті,
Гүлайхан Ақтай

ADAM MICKIEWICZ UNIVERSITY
Department of Asian Studies
al. Niepodległości 24, Poznań
PL-61-714, tel. (48) 61 829 39 20
www.azjatystyka.amu.edu.pl

Kierownik
Pracowni Studiów Kazachskich

dr Gulayhan Aqtay

Al. Niepodległości 24, 61-714 Poznań
NIP 777 00 06 350, REGON 000001293
tel. +48 61 829 39 20, fax. +48 61 861 39 29
azjatystyka@amu.edu.pl

azjatystyka.amu.edu.pl